

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1946 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 362 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 429 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.20 № 429 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1946 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 57, 551-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру е н г і з і л с і н :

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Жоғары ғылыми-техникалық комиссия т у р а л ы е р е ж е д е :

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "орынбасары" деген сөзден кейін "немесе ғылыми-техникалық саладағы уәкілетті органның бірінші басшысы" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

үшінші абзацта "агенттіктер мен комитеттердің" деген сөздер "мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтың үшінші абзацында "ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Әбдімомынов - Қазақстан Республикасының Білім және  
Азамат Құрманбекұлы ғылым вице-министрі, төрағаның  
орынбасары

Могильный - Қазақстан Республикасы Білім және  
Валерий Валентинович ғылым министрлігі Ғылым  
департаментінің директоры, хатшы

Кравченко - Қазақстан Республикасының Индустрия  
Иван Михайлович және сауда бірінші вице-министрі  
Қуанғанов - Қазақстан Республикасы Премьер-  
Фархад Шаймұратұлы Министрінің Кеңесі Әлеуметтік-мәдени  
даму бөлімінің меңгерушісі  
Әмірін - "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік  
Ғұсман Кәрімұлы қоғамының басқарма төрағасы  
(келісім бойынша)  
Бектұрғанов - Қазақстан Республикасы Білім және  
Нұралы Сұлтанұлы ғылым министрлігінің "Химиялық-  
технологиялық зерттеулер орталығы"  
республикалық мемлекеттік кәсіпорнының  
бас директоры  
Жұмағұлов - "Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Бақытжан Тұрсынұлы инженерлік академиясы" қоғамдық  
бірлестігінің президенті (келісім  
бойынша);

мына:

"Әйтімова - Қазақстан Республикасы Премьер-  
Бірғаным Сарықызы Министрінің орынбасары, төраға  
Берсімбаев - Қазақстан Республикасының Білім және  
Рахметқажы Ескендірұлы ғылым вице-министрі"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Әйтімова - Қазақстан Республикасының Білім және  
Бірғаным Сарықызы ғылым министрі, төрайым  
Берсімбаев - Қазақстан Республикасы Білім және  
Рахметқажы Ескендірұлы ғылым министрлігінің аппарат басшысы";

көрсетілген құрамнан Мамыраев Бейбіт Баймағамбетұлы, Шығаев Мұрат  
Насырұлы, Жақсыбеков Әділбек Рыскелдіұлы, Құлекеев Жақсыбек  
Әбдірахметұлы, Өтеулина Хафиза Мұхтарқызы, Доминов Евгений Евгеньевич  
шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*